

40 секунд уақытың бар

1. Екі рет отырып тұр
 2. Сол аяқпен 5 рет секір
 3. Екі қолыңды жоғары көтер
 4. Өз атыңды қатты айғайлап айтыңыз
 5. Тапсырманы толық оқып шық
 6. Екі рет қатты мияулаңыз
 7. Үш кісінің бетінен сүй
 8. Үш рет айнал
 9. Қолыңмен кез-келген үш кісіні ұста
 10. Оң аяқпен 5 рет секір
 11. Барлық тапсырманы оқып шыққан соң 12, 13 орындаңыз
 12. Тізерлеп отырыңыз
 13. Қолыңдағы қағазды алдыңызға қойыңыз
-

Сыни тұрғыдан

ойлауға үйрету

1- тапсырма.

Бұл сурет туралы не айта аласыз?



Өтірік өрге баспайды.

Екінші сыныпқа көшкенмін. Бірде есеп сабағынан «бір» деген баға алып қалдым. Ұят-ай!.. Жылауға шақ қалып отырмын. Басым салбырап кеудеме түсіп кеткен.

- Әй, - деп, Балта бүйірімнен түртеді. –Саспа, қазір қайтарда жөндеп берем.

Балта «екі» алса да, «бір» алса да, еш қынжылмайды. Қиналғанын көрген емеспін.

- Қалай жөндейсің?

- Көресің ғой,- деп, Балта жымың-жымың етеді.

Сабак аяқталды. Балалар тарады.Сыныпта екеуден екеуіміз.

- Дәптеріңді бер, -деді ол. Портфелінен біл қалам алды. Қызыл қалам.

- Әкемнің қаламы, - деді де, дәптерімдегі «1» деген сызықты лезде «4» қылып жөндейді де берді. – Енді ата-анаң білмейді.

- Мұғалима көреді ғой.

- Ертең жаңа дәптер баста.

- Қу екенсің – ау!

2- тапсырма.

«Сұраққа жетіп ал» әдісі

Оқылған мәтіннің мазмұнына әр деңгейлі сұрақтар қою.

1-ші топ – төмен деңгейлі сұрақ қояды,

2-ші топ- жоғары деңгейлі сұрақ қояды,

3-ші топ сол сұраққа жауап береді.

3 тапсырма

«гиппермәтін» құру.

Қазіргі заманғы ғаламтор қолданушының сөздігіндегі сөздерді қолданып, сөйлемдері бір-бірімен байланысты мәтін құрыңыз.

Пайдаланушы, эмейл, Вконтакт, білімі, Twitter, блоггер, планшет, смартфон, электрондық пошта, жасырын (аноним), Google
